

## Көліктегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі аудандық-қалалық комиссия туралы

### *Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Зырян ауданы-Зырян қаласы әкімиятының 2003 жылғы 8 сәуірдегі N 110 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет басқармасында 2003 жылғы 30 сәуірде N 1232 тіркелді. Күші жойылды - Зырян аудандық мәслихатының 09 жылғы 14 сәуірдегі N 353 хаты негізінде

*Ескерту. Күші жойылды - Зырян ауданы әкімі аппаратының 2009.04.14 N 353 хаты негізінде.*

Әділет басқармасында 2002 жылы 19 сәуірде 783 нөмірінде тіркелген, " Көліктегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі ведомствоаралық облыстық комиссия туралы" Шығыс Қазақстан облыс әкімиятының 2002 жылғы 11 ақпандағы N 76 қаулысын орындау және апаттылықты төмендету, көлік кешенінің қауіпсіз жұмысын арттыру және Зырян ауданының-Зырян қаласының көлігінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатпен, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31 бап 1 тармақ 17 тармақшасымен басшылық етіп, ә к і м и я т

### Қ А У Л Ы

### Е Т Е Д І :

1. Көліктегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөнінде аудандық- қалалық к о м и с с и я қ ұ р ы л с ы н .
2. Комиссияның персоналдық құрамы Зырян ауданының-Зырян қаласының мәслихатының бекітуіне ұсынылсын.
3. Көліктегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі аудандық-қалалық комиссия туралы Ереже қосымшаға келісімді бекітілсін.
4. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Зырян ауданы-Зырян қаласының әкім орынбасары Николай Ефимович Игнашинға жүктелсін.

### *Зырян ауданы-Зырян қаласының әкімі*

Зырян ауданы-Зырян қаласының  
ә к і м и я т ы н ы ң 2 0 0 3 ж ы л ғы  
8 сәуірдегі N 110 қаулысына  
қосымша

**Көліктегі аудандық ЕРЕЖЕ қауіпсіздікті қалалық комиссия жөніндегі туралы**

1. Көліктегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі аудандық қалалық комиссия көліктегі қауіпсіздікті қамтамасыз етумен, тиісті аудандық бағдарламаны жасаумен және жүзеге асырумен, осы мақсаттарға бөлінетін қаржыларды тиімді пайдаланумен байланысты мәселелер бойынша жергілікті атқарушы органдардың, меншік нысандарына қарамастан шаруашылық жүргізуші субъектілердің, қоғамдық ұйымдар мен бірлестіктердің қызметін үйлестіру жөніндегі ұсыныстарды дайындайтын консультативтік-кеңес беруші аудандық орган болып табылады.

2. Комиссия өзінің қызметін төмендегі бағыттар бойынша жүзеге асырады:

1) көліктегі апаттың себептерін зерттеу мен талдау және қозғалыс қауіпсіздігін сақтау жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу;

2) басылымдықтарды айқындау және көліктегі апатты азайту жөніндегі аудандық бағдарламаны, жобаны және шараларды жасау мен жүзеге асыруға көмектесу;

3) көліктегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету басым бағыттарында: автомобиль және темір жолдарды, қалалар мен елді мекендердің көше жүйелерін салу мен жаңғырту, жылжымалы құрамның техникалық сипаттамаларын жақсартуда, көлік қозғалысын реттеудің қазіргі заманғы техникалық құралдарын енгізуде, көлік құралдары жүргізушілерінің кәсіптік деңгейін көтеруде, жол полициясы басқармасының қызметкерлері мен көлік жүргізушілерін жол-көлік оқиғаларында зардап шеккендерге алғашқы медициналық көмек көрсетуге оқытуда даму мен ғылыми-техникалық потенциалдың, материалдық-техникалық ресурстар мен бюджеттік қаржылардың шоғырландырылуына көмектесу;

4) көліктегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының әрекет етуші заңдылықтары мен нормативтік актілеріне қажетті өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныстарды әзірлеуге қатысу;

5) облыстық басқармалар мен комитеттердің, жергілікті атқарушы органдардың, шаруашылық жүргізуші субъектілер мен қоғамдық бірлестіктердің көлік оқиғаларының алдын алу мен олардың салдарын азайту, бұл жұмыстың оңды тәжірибесін тарату мәселелері жөніндегі жұмыс тәжірибесін зерттеу;

6) жергілікті атқарушы органдардың, шаруашылық жүргізуші субъектілер мен қоғамдық бірлестіктердің ұсыныстарын талдау және көліктегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері бойынша ұсыныстар әзірлеу;

7) көліктегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі жергілікті, ведомстволық қызметтер мен қоғамдық бірлестіктердің қызметіне ықпал етіп, көмек көрсету;

8) тұрғындардың барлық жастағы топтарын жол қозғалысы Ережелеріне оқытуға бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жол қозғалысы қауіпсіздігі жөніндегі білімдерді насихаттауға ықпал ету.

### 3. Комиссия мыналарға құқылы:

1) жергілікті атқарушы органдардан, шаруашылық жүргізуші субъектілерден олардың көліктегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі қызметін бейнелейтін мәліметтерді сұрауға және алуға;

2) көліктегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері бойынша жергілікті атқарушы органдарда, меншік нысандарына қарамастан кәсіпорындар мен ұйымдарда тексерулер ұйымдастыруға;

3) өз мәжілістерінде көліктегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері бойынша жергілікті атқарушы органдардың төменгі буындағы комиссиялардың, кәсіпорындар мен ұйымдардың баяндамалары мен есептерін тыңдауға;

4) жергілікті атқарушы органдарға, кәсіпорындар мен ұйымдарға қарамағындағы көлікте қауіпсіздікті қамтамасыз етпеген басшыларды тәртіптік жауапкершілікке тарту жайлы ұсыныстар енгізуге;

5) тиісті жергілікті атқарушы органдардың, кәсіпорындар мен ұйымдардың басшыларының келісімімен білікті мамандарды көліктегі қауіпсіздікті қамтамасыз етумен байланысты мәселелер бойынша материалдар дайындауға қатысуға, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдардың, кәсіпорындар мен ұйымдардың осы мәселелер жөніндегі Үкімет қаулыларын, Зырян ауданы-Зырян қаласының әкім шешімдерін орындауын зерттеу мен талдауға тартуға.

4. Комиссия өзінің жұмысын комиссияның төрағасы бекіткен жоспарға сәйкес жүргізеді. Комиссияның мәжілістері тоқсан сайын бір реттен сиретпей өткізіледі. Комиссияның шешімдері хаттама ретінде рәсімделеді және ұсыныс беру с и п а т қ а и е б о л а д ы .

5. Комиссияның жұмысын ұйымдастыру-техникалық жағынан қамтамасыз етуді Зырян ауданы-Зырян қаласының әкім аппараты жүзеге асырады.

6. Көліктегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі аудандық-қалалық комиссия Зырян ауданы-Зырян қаласының әкімі жанындағы тұрақты орган болып табылады, оның құрамын әкім айқындайды, бекітеді.

*Зырян ауданы-Зырян қаласының әкім аппаратының жетекшісі*